



••••• \_\_\_\_\_

# АЛҒЫС АЙТУ. КЕШІРІМ СҰРАУ

Жанды.Жансыз зат есімдер.



# Жаңа сөздер



- Рақмет сізге! – Спасибо вам!
- Кешіріңіз, байқамай қалдым. – Извините, я не заметил(а).
- Рақмет, жол бердіңіз! – Спасибо, что пропустили!
- Көмектесіп жібересіз бе? – Поможете?
- Қатты кешірім сұраймын. – Я очень извиняюсь.



**Берілген грамматикалық тақырыпқа назар аударыңыз.**



## **Зат есім (жанды, жансыз)**

**Жанды зат есімдер – адам, жануар атаулары.  
Мысалы: дәрігер, науқас, бала, әже.**

**Жансыз зат есімдер – заттар, құбылыстар.  
Мысалы: кітап, үстел, күн, су.**



## **«Жанды ма, жансыз ба?» ойыны**

**Оқытушы сөздер айтады: дәрігер, үстел, әже, су, кітап т.б**

**Тыңдаушы екі ұяшыққа : «Жанды!» немесе «Жансыз!» заттарды бөліп салады**

# «АЛҒЫС ПЕН КЕШІРІМ»

Бүгін жұмыста маған бір әріптесім көмектесті.  
Мен оған: «Үлкен рақмет!» – дедім.  
Түстен кейін мен құжаттарды қателесіп жібердім.  
Мен басшыма барып: «Кешіріңіз, қателік жасап қойдым» – деп кешірім сұрадым.  
Кешке үйде анам тамақ әзірледі. Мен оған да алғыс айттым.



# ОҚЫЛЫМ ТАПСЫРМАЛАРЫ:

## 1. Сұрақтарға жауап беріңіз:

- Кім көмектесті?
- Ол қателік жасағанда не деді?
- Кімге алғыс айтты?

## 2. Мәтіннен жанды және жансыз зат есімдерді бөліп жаз:

- Жанды: ...
- Жансыз: ...

## 3. Мәтіндегі алғыс айту мен кешірім сұрау сөйлемдерін көшіріп жазыңыз.

# КҮНІҢДІ ЖАҚСЫ ӘДЕТПЕН БАСТА.

Бүгін таңертең Марат жұмысына асығып шығып, аялдамада бір әйелмен соқтығысып қалды. Ол дереу:

– Кешіріңіз, сізді байқамай қалыппын, – деді.

Әйел сөмкесін түзеп:

– Жарайды, ештеңе етпейді, – деп күлімсіреді.

Автобус келгенде Марат алдымен әйелді өткізіп жіберді.

Автобуста бір жас жігіт оған орын берді. Марат таңырқап:

– Үлкен рақмет! Өте сыпайылық екен, – деді.

Жұмыс орнына жеткенде әріптесі оған есік ашып тұрды.

Марат тағы да:

– Рақмет, Асқар! – деп алғысын білдірді.

Ал Асқар:

– Бүгін бәрімізге жақсы көңіл-күй тілеймін, – деді.



# Тыңдалым бойынша сұрақтарға жауап беріңіз.

## 1. Сөйлемдерді толықтырыңыз.

- Марат ... асығып шықты.
- Ол аялдамада кімді байқамай соқтығысты?
- Жас жігіт Маратқа қандай ... берді?
- Марат Асқарға не деді?

## 2. Жанды және жансыз зат есімдерді белгілеңіз.

# «Артық сөзді тап»

1. дәрігер – науқас – бала – кітап
2. үстел – орындық – гүл – әже
3. мұнай-дәрігер-тас-бұлт
4. Көмір-бензин-гүл-қалам
5. шыбын-шіркей-су-мұнай-кітап



## «Рақмет тізбегі»

Шеңберде әр қатысушы бір зат есіммен  
сөйлем құрап алғыс айтады.

☞ «Рақмет, дәрігер!» → «Рақмет, әже!» →  
«Рақмет, ұстаз!»